

Ветеринарлық-санитарлық Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2003 жылғы 18 шілдедегі № 173 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2003 жылғы 4 тамызда № 2404 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2009 жылғы 5 қарашадағы № 209 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 05.11.2009 № 209 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 6-бабының 1-тармағы 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 "Ветеринария туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155 "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 310 бабы, 3 бабы 2-тармағына сәйкес және әзірленген ережені ескере отырып Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ветеринарлық-санитарлық Ережесі бекітілсін (қосымша).

О н б е с і н ш і с е с с и я

төрағасы

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т

хатшысы

Қарабалық аудандық мәслихаты
екінші шақырылған он бесінші
сессиясының
2003 жылғы 18 шілдедегі
№ 173 шешімімен бекітілді

Ветеринарлық-санитарлық ЕРЕЖЕСІ

1. Ауылшаруашылық мал иелері мерзімінде өткір инфекциялық ауруларды алдын-алуға байланысты, барлық ветеринарлық-санитарлық іс-шараларды өткізуге міндетті.

2. Өлген малды уақытында иесімен мал зиратына шығарылады, ол туралы дереу ветеринарлық жұмыскерлеріне (инспектор) хабарланады.

3. Инфекциялық малды, сондай-ақ ветеринарлық өңдеуден өткізбеген малды бағуға тыйым салынады.

4. Қоғамдық табында жеке иелеріне жататын бір жастан үлкен өгізді бағуға тыйым салынады. Жеке табын ұйымдарымен немесе иенің үнемі бақылауымен өгізді бағуға рұқсат етіледі.

5. Өткір инфекциялық аурулар кезінде ауылшаруашылық мал иелері карантиннің талаптарын сақтауға міндетті. Ұдайы өндіріс, айдауда, малды тасуда , сондай-ақ нарықта ауылшаруашылық өнімдерін сатуда, дайындауда, сақтауда және тасуда санитарлық-ветеринарлық талаптарды сақтау.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155 ҚРЗ " Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 310 бабына сәйкес азаматтарға немесе лауазымды тұлғаларға осы Ережені бұзғаны үшін ескерту немесе айыппұл салуға әкеліп соғады.